



Өмірі де, өзі де тұнған философия

Әлемдік білім мен ғылым кеңістігінде ұстаз бен ғалымның орны ерекше. Руханият кеңістігінде ұстазды, ғалымды құрметтеу жас ұрпаққа парыз. Өмірде шынайы дарындар өздерін өзгеге көрсетуді ұната бермейді. Ұстаздығы мен ғалымдығын кәсіби жұмысы, күнделікті әдеті деп санайды. Осындай тұлғаның бірі – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде ұзақ жылдардан бері жемісті қызмет етіп келе жатқан ұстаз-ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Рыскалиев Тілекжан Хасенұлы.

Тілекжан Хасенұлы табиғатынан өте қарапайым, «ұлылық – қарапайымдылықта» деген қағидаға толығымен сай келетін жан. Сабырлы ұстаз, ғылым-білімді тереңнен зерделейтін сарабдал ғалым. Асыл ағаның өнегелі өміріне көз салсақ, ол 1938 жылы 17 желтоқсан күні бұрынғы Орал облысы Орда ауданының Азғыр ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 1957 жылы орта мектепті бітіріп, еңбек жолын ауылда бастайды. Кейін әскер қатарында болып, 24 жасында Киевтің Т.Шевченко атындағы Ленин орденді мемлекеттік университетінің философия факультетіне оқуға түседі.

Шәкірттері – философия мектебін құрушылар

Әлемдік және отандық философия тарихының танымал зерттеушісі, бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеуге арнаған, биік бітім-болмысымен дараланған Тілекжан Хасенұлы білім мен ғылым саласында университет деңгейінде ғана емес, республикада да шоқтығы биік философ-ғалым. «Қазақтың Сократы» атанған Тілекжан Хасенұлы қазақ философиясының экзистенциалдық сипатын ашуға бағытталған өзіндік бағытты қалыптастырушы ретінде белгілі. Орал қаласындағы философия мектебін құрушылар да – Тілекжан Хасенұлының шәкірттері.

Әрине, бұл жолда тер де төгілді, еңбек те жазылды, атақ-даңққа да қол жеткізді. Алайда

менің айтпағым, ағамыздың өнегеге толы өмірі, ата-бабасынан, өскен ортасынан дарыған тектілік қасиеттері, жалпы адамдық келбеті жайында. Тілекжан Хасенұлы көпшілікке ұстаздыққа, шәкірт тәрбиелеуге сіңірген еселі еңбектерімен танымал. Ол білім мен ғылым саласының, өңіріміздегі жоғары білім беру жүйесінің дамуына аянбай тер төгіп, сүбелі үлес қосты. Парасат-пайымының биіктігімен, ақыл-ойының тереңдігімен көпке үлгі бола білген салиқалы, бірбеткей ағамыздың қазақ ұлтының перзенті ретінде қазақ философиясына сіңірген еңбегі өте ауқымды. «Кәсіби түрде философ болу, оның қиыншылығы мол жолына түсіп өмір сүру, ауыртпалығын көтеру, ойыңды ғана емес, өміріңді де өзің насихаттап жүрген принциптерге құру – қазіргі кезде оңай шаруа емес. Сөзі мен ісі бір жерден шығатын, кісілік заңдарын берік ұстайтын, адамгершілігі мол, байыпты да байсалды адам, Абайша айтқанда, «толық адам» ғана нағыз философ бола алады. Сондай санаулы адамдардың қатарына Тілекжан Хасенұлын еш күмәнсіз жатқызуға болады» дейді философия ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Сәбитұлы «Даналықтың дауылпазы» атты ағамызға арналған естелік жазбасында. Өте шынайы айтылған пікір.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің: «Абай өзі білген кітаптардан алған адамгершілік, гуманистік идеяларды өзінің ұстаздық, тәрбиелік керегіне жаратуға тырысады»

деген сөзімен айтар болсақ, Тілекжан Хасенұлы да қазақ философиясының рухани мұраларын тынбай зерттей жүріп адамгершіліктің, парасаттылықтың биігіне көтеріле білген адам. Өйткені күнделікті тіршілікте де, қызметтің қат-қабат қызу қарбаласында да ағамыз өзінің ұстамдылығымен, парасаттылығымен ерекшеленіп тұрады. Тілекжан Хасенұлының кісілігі, кішіпейілділігі, адамгершілігі көпке үлгі боларлықтай. Ұлы ойшыл Конфуцийдің пікірінше адам үш түрлі болады екен. «Дана адам асып таспайды, жақсы адам күй талғамайды, батыл адам қорықпайды» дейді. Сол дана адам – Тілекжан ағамыз.

Не жазса да мәселені ашуда



тереңнен толғап, оқырманға, тыңдаушыға қарапайым түсінікті тілді қолдану Тілекжан Хасенұлының жазбаларына тән сипат. Философия ғылымдарының докторы, профессор Н.Аюпов ағамыз туралы естелік



жазбаларында «Тілекжан Хасенұлының жазу стиліне тән қасиет – не жөнінде жазса да мәселені ашуда тереңдік пен

деп ағамыздың өзі айтқандай, нәтижелі ғылыми-педагогикалық еңбектері үшін көптеген марапаттар мен төсбелгілерге ие болған тағылымы мол ұстаз Тілекжан Хасенұлының есімі университетте ерекше мақтаншпен аталады. Еңбектегі, ғылымдағы жетістіктері үшін лайықты бағаланды. Кеңес беруден бас тартуды білмейтін Тілекжан Хасенұлы талқылаулар мен пікір алысу жиналыстарына жиі қатысып, ғылым мен ғылыми мақалаларға қойылатын талаптардың үнемі жетіле беруін әрдайым қадағалап отырады. Қазір де жиі-жиі облыстық, республикалық газеттерге мақала жазу, саяси-идеологиялық, тәрбие саласына қатысты конференцияларда, жиналыстарда сөз алу сияқты өнегелі істермен қатар шәкірт тәрбиелеу ісіне де үлес қосып жүрген ағамызға қаламының қарымдылығын тілейміз.

Тілекжан Хасенұлы – ұлтжанды, ұлағатты ұстаз, жасы үлкен болғанымен, жаспен де, кішімен де шүйіркелесе кететін кішіпейіл де қарапайым адам. Елдің тарихы мен дәстүрін терең білетін, әрбір сөзі ізін басып келе жатқан біз үшін салмақты мәнге ие осындай ағамызбен бірге әріптес, қызметтес болып жүргеніме өз басым мақтанамын. Құрметті демалысқа шыққаннан кейін де ұстаздық етуден жалықпаған, туған елінің құрметіне лайық тұлға Тілекжан Хасенұлына білім мен болашақ үшін сіңірген ерен еңбектері үшін айтар алғысымыз шексіз.

Гайһар БАЛЖАНОВА,
Жәңгір хан атындағы
БҚАТУ-дың аға оқытушы

